

Қазақстан Республикасының  
Әділет Министрлігі  
Заңнамалық-құқық мемлекеттік тіркеуі  
№ 24.9.01  
жүргізілді  
ВНН 140140007418

Ақтөбе облысы әкімдігінің  
2023 жылғы «04» «қыркүйек»  
№ 232 қаулысымен бекітілді

«Ақтөбе облысының білім басқармасы  
Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің  
«Сарат мектеп– бөбекжай-балабақша кешені»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

## ЖАРҒЫСЫ

2023 жыл

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сарат мектеп–бөбекжай-балабақша кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
Жарғысы**

**1. Жалпы ережелер**

1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сарат мектеп-бөбекжай-балабақша кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) білім саласындағы қызметтерді жүзеге асыру үшін ұйымдық-құқықтық түрдегі мекеме ретінде құрылған, заңды тұлға мәртебесін иеленген коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме 1976 жылы құрылды. Ақтөбе облысының әкімдігінің 2023 жылдың 04 қыркүйегі №324 қаулысымен «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақ көгершін» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сарат жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сарат мектеп-бөбекжай-балабақша кешені» болып қосылу жолымен қайта ұйымдастырылды.

4. Ақтөбе облысының әкімдігі мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы болып табылады.

5. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі Мекеменің тиісті саласын басқару жөніндегі уәкілетті органы болып (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы) табылады.

«Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Мекеменің мүлкін басқару жөніндегі уәкілетті органы (бұдан әрі - мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органы) болып табылады.

6. Мекеменің атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сарат мектеп-бөбекжай-балабақша кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, индекс 030115, Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Сарат ауылдық округі, Сарат ауылы, Жүргенов көшесі 2 құрылысы.

## 2. Мекеменің заңды мәртебесі

8. Мекеме ол мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

9. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

10. Мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өз иелігіндегі қаржы қаражаттарымен жауап береді. Мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

11. Мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

12. Мекеме қызметі мемлекеттік стандарттар негізіндегі білімнің тегін берілу принципінде, білім беру процесінің үздіксіздік және оқыту әдістерінің алуан түрлілігі принципінде құрылады.

13. Мекеме білім қызметін жүзеге асыру, заңмен белгіленген жеңілдіктерді пайдалану құқына оған сәйкес лицензия берілген күннен бастап ие болады. Мекеме өз түлектеріне олардың білім дәрежелері туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды беру құқығына мемлекеттік аккредитациядан өткен сәттен бастап ие болады. Мекеме мемлекеттік аккредитация мен аттестациядан ҚР «Білім туралы» Заңымен бекітілген тәртіпте өтеді.

## 3. Мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

14. Мекеме қызметінің мәні:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беретін бағдарламаларды іске асыру;

2) тұлға, қоғам, мемлекет мүддесінде оқыту және тәрбиелеу;

3) дарынды баланың жан-жақты тұлға ретінде дамуына қолайлы жағдай жасау;

4) оқушылардың өз бетімен білім алу және қосымша білім алу қажеттілігін қанағаттандыру.

15. Мекеме қызметінің мақсаты:

1) Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарттарының негізінде құрылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта білім беретін бағдарламаларды іске асыру;

2) мәдениеті жоғары деңгейдегі, қоғам өміріне бейімделген, тереңдетілген және кеңейтілген білім бағдарламаларын саналы түрде таңдауға және меңгеруге дайын интеллектуалды тұлғаны қалыптастыру;

3) Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілденген мемлекеттік стандарттардың шегінде тегін негізгі және орта білім деңгейін алуына бүкіл азаматтардың құқығын іске асыру болып табылады.

16. Мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау;
- 2) құзырлы тұлғаны қалыптастыру мен дамытуға бағытталған, оқыту бағдарламаларын игеру арқылы оқушыларда функционалды сауаттылықты дамытуға жағдай жасау;
- 3) оқушылардың мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарымен белгіленген базалық ғылым негіздерін алуды қамтамасыз ету;
- 4) тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, салауатты өмір салты мен өнегеліліктің мықты негіздерін қалыптастыру;
- 5) азаматтылық пен патриотизмді, өз Отанына – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеу, халық дәстүрін қадірлеу, әрбір Конституцияға қарсы және қоғамға қарсы құбылыстарға төзбеушілікке үйрету;
- 6) белсенді азаматтық ұстанымы бар тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, тұлғаның өз құқығы мен міндеттеріне саналы қарым-қатынасын қалыптастыру;
- 7) Отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне араластыру, қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа ұлттардың тарихын, салт - дәстүрлерін оқыту;
- 8) сапалы мектепке дейінгі дайындықты қамтамасыз ету;
- 9) мемлекеттік, орыс және шетел тілдерін үйрету;
- 10) оқытудың жаңа технологияларын енгізу мен тиімді пайдалану;
- 11) баланста тұрған объектілерді ұстау, пайдалану және қызмет көрсету бойынша шаруашылық қызметін жүзеге асыру;
- 12) қосалқы инфрақұрылымның дамуын, материалдық-техникалық базаны нығайтуды қамтамасыз ету;
- 13) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсету;
- 14) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қызметтерді жүзеге асыру.

17. Мекеме білім беру қызметін:

- 1) мемлекеттік жалпыға міндетті оқыту стандарттарына;
- 2) үлгілік оқу жоспарларына;
- 3) Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

18. Мекемеде білім беру үрдісінің субъектілері оқушылар, тәрбиеленушілер, педагогикалық жұмыскерлер, оқушылардың, тәрбиеленушілердің ата-аналары немесе басқа заңды өкілдері болып табылады.

19. Мекемеге мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта білім деңгейлеріне оқытуға қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

20. Мекемеде оқыту мен тәрбиелеу орыс тілінде жүргізіледі.

21. Мекемедегі білім беру мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылып, жүзеге асырылып отырған жұмыс бағдарламалары және оқу жоспарларымен анықталады.

22. Оқушылардың білімін, аралық және қорытынды аттестациясын ағымдағы бақылау жүйесі, түрлері мен оларды өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес регламенттеліп, жүзеге асырылады.

23. Мекемеде келесі тәртіп белгіленген: оқу сабақтары 1 ауысымда өтеді. Сабақтардың және сабақтар арасындағы үзілістердің ұзақтығы санитарлық ережелердің талаптарына сәйкес белгіленеді.

24. Медициналық қызмет көрсетуді медициналық бике жүзеге асырады, ол әкімшілікпен, педагогикалық қызметкерлермен қатар, оқушылар мен тәрбиеленушілердің денсаулығына және дене дамуына, емдеу шараларын өткізуге және санитарлық гигиеналық нормаларын сақтауға жауап береді.

25. Мекемедегі тамақтану мектеп асханасында ата-аналар қаражаты және оқу қоры есебінен (жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, көпбалалы, аз қамтылған отбасыларының балалары, мүгедек балалар мен бала кезінен мүгедек балалар үшін) жаппай жүзеге асырылады.

26. Мекеме құқықтары:

1) осы Жарғыға сәйкес құзыреті аясында мекеменің мүддесін қорғау;  
2) өз құзыреті аясында мекеме қызметкерлерінің барлығына міндетті бұйрықтар шығару;

3) белгіленген тәртіппен мемлекеттік атқарушы билік органдарынан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, кәсіпорындардан, мекемелер мен ұйымдардан (олардың ұйымдастыру-құқықтық нысаны мен ведомстволық қатыстылығына қарамастан) өз қызметіне қажетті мәліметтер, ақпараттар мен құжаттарды сұрауға және алуға;

4) білім саласындағы мәселелерді шешуге қажетті уақытша немесе тұрғылықты жұмыс топтарын, комиссияларын және басқа да ұжымдық органдар құруға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім бөліміне құрылтайшы құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы өтініш жасауға;

6) белгіленген тәртіпте және өз қызметінің мақсатына сәйкес өзіне бекітілген мүлікті пайдалануға;

7) жергілікті атқарушы органдарының келісімі бойынша өзінің негізгі қызметін жоспарлау және білім саласын дамытуды анықтау;

8) теориялық және практикалық білімін, іскерлігін, машығын жандандыру мақсатында және сапалы мемлекеттік қызмет көрсету үшін Мекеме қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа құқықтарын жүзеге асыру.

27. Мекеме міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын сақтау, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен

Үкіметінің актілерін, басқа да нормативтік құқықтық актілерді және осы жарғыны орындау;

2) сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;

3) мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы мемлекеттік қызметті пайдаланушыларды ақпаратпен қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да міндеттерді орындайды.

28. Мекемеде мектепалды даярлық сыныптар құрылуы мүмкін. Мектепалды даярлық сыныптарына ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне бес жасқа толған балалар қабылданады. Сонымен қатар, «Үшқатты мектеп-бөбекжай-балабақша кешеніне» мектепке дейінгі топтарына бір жастан бастап бес жасқа дейінгі балаларды қабылдайды.

29. Мемлекеттік мекемеде мектепке дейінгі шағын орталықтар ашылуы мүмкін. Шағын орталықтар қызметін ұйымдастыру Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің үлгілік ережелеріне сәйкес іске асырылады.

30. Мекемеде арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жұмыс істейтін, ерекше жағдайда оқыту және тәрбиелеуге мұқтаж, дамуында кемшілік бар оқушылар үшін арнайы түзету сыныптарын ашуға болады.

31. Мекеме жазғы кезеңде балалардың сауығуы үшін өз жағдайларын ұсынады (Үшқатты орта-мектеп-бөбекжай-балабақша кешенін) жанындағы лагерьдің күндізгі уақытта балалармен атқаратын жұмысы).

32. Мекеме балалардың денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытындысына сәйкес оқушыларға үйде білім беруді қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің нұсқаулығына сәйкес аптасына оқу сағатының көлемі, сабақ кестесі құрылып, бұйрық бойынша оқушымен жұмыс жасайтын педагогтар құрамы анықталып, өткізілген сабақтар журналға тіркеліп жазылады. Ата-аналар (заңды өкілдері) үйде сабақ өткізуге жағдай жасауы тиіс.

33. Мекеменің және оның қызметкерлерінің мемлекеттік аттестациясы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өткізіледі.

34. Мекеме Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да қызметтерді атқарады.

35. Мекеме қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не директордың жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле білім бөлімінің, жергілікті атқарушы органның немесе прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

36. Мекеме директорының Мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

#### 4. Білім үрдісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

37. Мекемеде жалпы білім үрдісінің қатысушылары мыналар болып табылады: оқушылар, педагогикалық қызметкерлер, оқушылардың ата-аналары (оларды алмастырушы тұлғалар).

38. Мекемеде әр оқыту сатысы бойынша білім алу үшін оқушыларды қабылдау ата-аналардың немесе оларды алмастырушы тұлғалардың өтініштері бойынша, заңмен анықталған жас ерекшелігіне қарай және медициналық қарсы көрсетілімдерсіз жүргізіледі.

39. Азаматтардың орта білім алуына құқығын сақтау жауапкершілігі Мекеме әкімшілігіне жүктеледі.

40. Оқушыны қабылдаған кезде Мекеме міндетті түрде оқушыларды және олардың ата-аналарын (оларды алмастырушы тұлғаларды) олардың өтініші бойынша Жарғымен және білім үрдісін ұйымдастыруды регламенттейтін басқа құжаттармен таныстырады.

41. Бірінші сыныпқа баланың Мекеме ұсынатын пәндер бойынша оқуға дайындығы есепке ала отырып, оның қабілетіне сәйкес және денсаулығына қарай 6-жастағы балалар қабылданады. Қабылдау ата-аналардың (оларды алмастырушы тұлғалардың) жазбаша немесе электронды үкімет арқылы онлайн өтініші және Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген қажетті құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

42. Мекеме оқушыларының құқығы бар:

- 1) жалпы орта білімді тегін алуға;
- 2) қызметтің әр түрлерінде ерекше табыстары үшін көтермеленуге;
- 3) оқушылардың келіспеген жағдайында жылдық бағасын түзетуге;
- 4) медициналық қызметті алуға;
- 5) кітапхана қорын тегін пайдалануға;
- 6) қосымша (оның ішінде ақылы) білім қызметін алуға;
- 7) Мекемені басқаруға қатысуға;
- 8) адамның қадір-қасиетін құрметтеуге, ақпарат еркіндігіне, өз көзқарасын және пікірін еркін айтуға.

43. Мекеме зайырлы және дін білімін айыру принципін сақтауға міндетті. Өртүрлі түрде діни тәрбиелеуге рұқсат етілмейді.

44. Қорытынды аттестацияны сәтті өткен Мекеме түлектеріне тиісті білімі туралы, Мекеме мөрімен куәландырылған мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

45. Жалпы орта білім бағдарламаларын меңгерген кезде ерекше жетістіктерге жеткен түлектерге үздік куәлік беріледі.

46. Оқушылар міндетті:

- 1) Мекеме Жарғысын орындауға және ішкі тәртіп ережелерін орындауға;
- 2) жақсы оқуға және мекеме мүлкіне ұқыпты қарауға; мекеме мүлкіне оқушы зиян келтірсе, ата-аналармен бірге оның құнын және мүлікті қайта қалпына келтіруге;

3) Мекемедегі қызметшілердің және басқа оқушылардың қадір-қасиетін және арын құрметтеуге;

4) құқыққа қарсы істерді жасаған үшін кеңес шешімі бойынша, осы жарғыны өрескел және бірнеше рет бұзған үшін педагогикалық ең соңғы шара –

15 жасқа толған оқушыларды мектептен шығару қолданылады, жетім, ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған балаларды мектептен шығару туралы шешім қамқоршылық және қорғаншылық органдарының келісімімен қабылданады;

5) ата-аналармен мекеме әкімшілігімен бекітілген мектеп формасын сақтауға;

а. Ұлдардың мектеп формасы:

пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

б. Қыздардың мектеп формасы:

пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

6) Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды. Оқушылардың мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін (орамал, кимешек, хиджаб, никаб, бурка, паранжа, сикх тюрбандары және иудей кипа-бас киімдері т.б.) және кез келген діни атрибутикаларды (белгілерді) киюге тыйым салынады.

7) Мекеме оқушыларының ережесі негізінде мекемеге ұялы телефон, смартфон әкелуге тыйым салынады.

47. Кәмелеттік жасқа толмағандардың ата-аналары және басқа заңды өкілдерінің құқығы:

1) баланың жеке ерекшелігін және қабілетін, тілегін ескере отырып, Мекеме ұсынған оқыту түрін таңдау;

2) ата-аналардың ұжымы арқылы Мекемені басқару органдарының жұмысына қатысу;

3) Мекемеден өз балаларының оқу шарттары және мінез-құлқы, үлгерімі бойынша ақпарат алу;

4) Мекемеде өз балаларын оқыту және тәрбилеу мәселесі жөнінде кеңестік көмек алу.

48. Ата-аналар және басқа заңды өкілдер міндетті:

1) балаларға өмірі мен оқуына салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасау, интеллектуалды және физикалық күшін дамытуын, өнегелі болуын қамтамасыз ету;

2) бес жастағы балаларға мектепалды даярлауды қамтамасыз ету, ал алты жастан оқу орындарын анықтау;

3) Мекемемен қарым-қатынас жасау;

4) Мекемеге балалардың баруын қамтамасыз етеді.

5) Ата – аналар және өзге заңды өкілдер білім алушылардың орта білім беру ұйымында белгілінген мектеп формасын киюіне жауап береді

49. Ата-аналар (оларды алмастырушы тұлғалар) Мекеме Жарғысын орындауға міндетті және өз балаларын оқытуға және тәрбиелеуге жауапты, сонымен қатар мемлекеттік мүлікке ұқыпты қарауға міндетті.

50. Мекемеде тиісті кәсіби білімі бар азаматтар педагогикалық қызметпен (оқыту және тәрбиелеу) айналысуға құқылы.

51. Сот үкімі немесе медициналық көрсеткіштермен тыйым салынған тұлғаларға Мекемеде педагогикалық қызмет көрсетуге рұқсат берілмейді.

52. Мекеме қызметкерлерінің құқығы бар:

1) кәсіби намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;

2) Мекемені басқаруға қатысуға;

3) кәсіби қызметінің жағдайларын қамтамасыз етуге;

4) педагогикалық қызметін ұйымдастыру түрі мен тәсілдерін таңдау еркіндігіне;

5) біліктілік санатын арттыруға және оны аттестациядан сәтті өткен жағдайда алуға;

6) жыл сайын берілетін еңбек демалысына;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген әлеуметтік жеңілдіктер мен кепіліне және мектеп аймағында ұсынған қосымша жеңілдіктерге құқығы бар.

8) Мекеме және мекеме қызметкерінің еңбек қатынасы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.

#### **5. Коммуналдық мемлекеттік мекемесіне алып кіруге және қолдануға болмайтын заттар тізбесі (әрі қарай – Тыйым салынады)**

##### **Тыйым салынады:**

##### **1. Қарулар:**

- барлық атыс қаруы (пистолет, револьвер, винтовка, шолақ мылтық және т.б.);
- атыс қаруының көшірмесі немесе соған ұқсайтын қару;
- атыс қаруының құрастырушы бөлігі (оптикалық құрылғылар/көздеуіштерден басқа);
- газды қару;
- пневматикалық тапанша, винтовкалар және шарлы қару;
- сигналды тапанша, ойыншық тапаншалардың барлық түрі;
- шеге қағу мен болттарды ұстататын өндірістік құрылғылар;
- арбалеттер, катапультаалар, сүңгілер және найзалы құралдар;
- жануарларды жансыздандыруға арналған құралдар;
- мүйізді малдарды басқаруға арналған естен тандыратын немесе ұрып-соғатын құралдар;
- атыс қаруы түрінде жасалынған тұтатқыштар;

- травматикалық және жарық-дыбыстық патрондарымен ұңғысыз қару;
- электрошокты құрылғылар.

## **2. Қадалғыш/ кескіш қарулар мен өткір заттар:**

- балталар, сүңгілер мен найзалардың түрлері, мұз шапқыштар;
- жылжымалы немесе лақтыратын жүзі бар кез келген ұзындықтағы пышақтар;
- металдан немесе басқа да мықты материалдан жасалынған ықтимал қару ретінде ұсталынатын кез келген ұзындықтағы пышақтар;
- ас үй пышақтары;
- аң аулайтын (аңшылық) пышақтар;
- ашық ұстаралар мен өткір лезвиелер (қауіпті және бір реттік қосымша лезвиесі бар ұстараларды қоса);
- қылыштар мен семсерлер, қылыштың тұтқасы;
- скальпелдер;
- металды жұлдыздар;
- қадалғыш немесе кескіш қару ретінде қолданылатын өнеркәсіптік құрал-жабдықтар, есіктерге арналған темір тескіштер мен бұрғылар, шапқылар, қызмет көрсету пышақтары, аралар, бұрағыштар, балғалар;
- бұрандылар;
- тері астына дәрі беретін және тоқитын инелер;
- жүзінің ұзындығы 60 мм асатын қайшылар;
- жүзінің ұзындығы 60 мм асатын жиналмалы, бүктелмелі жолға арналған пышақтар;
- бекіністік құрал-саймандар.

## **6. Мекемені басқару**

53. Құрылтайшы келесідей функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Мекемені құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;
- 2) Мекеме жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

54. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Шұғыл басқару құқығымен мекемеге мүлікті бекітеді;
- 2) Мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

55. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен, мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;
- 2) Мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;
- 3) Мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 4) Мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 5) Мекеме директорының ұсынысы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;
- 6) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;
- 7) қажетті әдістемелік және кеңестік көмек көрсетеді;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

56. Мекеменің басшысы директор болып табылады.

57. Мекеме директоры Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Білім бөлімінің басшысының бұйрығымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

58. Мекеме директоры мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, білім бөліміне тікелей бағынады (Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

59. Мекеме директоры дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

60. Мекеме директорының өкілеттігі:

- 1) мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мекеменің мүддесін білдіреді;
- 3) шарттар жасасады;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) Мекеме қызметкерлерінің іссапарларға, тағылымдамаға, қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың басқа да түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) Мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Мекеме қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады;

10) өз орынбасарларының және Мекеменің басқа да қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;

11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

61. Мекемеде алқалық басқару органдары бар: Мекеме кеңесі, Педагогикалық кеңес, Ата-аналар комитеті, Қамқоршылық кеңесі.

1) Мекеменің кеңесі бірдей санмен құрылған, оған мектептің оқытушылары, қызметкерлері, оқушылар мен олардың ата-аналары кіреді. Кеңес құрамына мектеппен қызметтестік қатынаста болғысы келетін қоғамдық ұйымдар кіруі мүмкін. Мекеменің құзырлығына мектептің оқу-тәрбие үрдісінің жалпы бағыттарын анықтау, Мекеменің жұмыс тәртібін жасау, ішкі тәртіп Ережелерін жасау, ғимаратты қорғау, оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру, еңбек ұжымында болатын дау-жанжалдарды шешу, қосымша білім беру тәртібін ұсыну, әкімшілік пен педагогикалық есептерді тыңдау.

2) Мекеменің педагогикалық кеңесі Мекеменің әдістемелік басқаруды іске асырады және оқу бөлімінің меңгерушілері мен оқытушылары арасынан құрылады. Педагогикалық кеңесті Мекеме директоры басқарады. Педагогикалық кеңес оқу жоспарлары мен бағдарламаларын бекітеді, педагогикалық қызметтің негізгі бағыттарын (формалар, әдістер мен тәсілдер) анықтайды, жеке оқу жоспарларын бекітеді, оқушылардың үлгерімі, оқушылардың мінез-құлқы мен аттестаттау мәселелерін, педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін көтеру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, озық тәжірибелерді тарату, педагогикалық қызметкерлерді марапаттауды ұсынады, педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру мәселелерін шешеді.

3) Ата-аналар комитеті бір жыл мерзімге жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысында тағайындалады. Комитет құрамындағы мүшелер саны ата-аналар жиналысында сыныптардың санының ескерілуімен ата-аналарының, басқа заңды өкілдерінің шешімімен жасалады. Ата-аналар комитетінің мүшелері: директор мен педагогикалық кеңестің қарауына мәселелерді ұсынады, мектептің тәрбие жұмысын жақсарту бойынша сынып жетекшілерінің ұсыныстарын қарастырады, оқушылардың жаман қылықтары мен тәртіп бұзушылықтарын болдырмау жұмыстарын атқарады, оқушылардың денсаулығы сақтауды мен тамақтануды ұйымдастырады.

4) Қамқоршылық кеңесі білім беру саласында өкілетті органның шешімімен құрылады. Келесі қызметтерді атқарады: Мекеменің жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар жасау; Мекеменің дамуының басым бағыттары бойынша ұсыныстар жасау; Мекеменің оқыту – тәрбиелеу, ғылыми – зерттеу және шарауашылық қызметі мәселелері бойынша ұсыныстарды қарау және дайындау, білім беру әдістемелерін жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, сонымен қатар оқулықтармен камтамасыз ету мәселелері; Мекемеге мектептің жарғылық мақсатын жүзеге асыруға көмектесу, сонымен қатар білім алушыларға және педагогикалық

ұжымға білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға арналған қажетті жағдай жасау; демеушілік көмекті тарту арқылы қаржылық қолдауды қамтамасыз етуге атсалысу; демеушілік, қолдаушылық және басқа да көмектерді үлестіру; Мекеме бюджетінің жобасын алдын-ала қарап ұсыныстар жасап келісу және қалыптастыру; Мекеме қызметі туралы мекеме басшысы және оның орынбасарларының жұмыс туралы есебін тыңдау; жұмыскерлерге, қосымша қаржы көздерінен қарастырылған қаражат көлемінде, Мекеме басшысына, оның орынбасарларына, лауазымдық қызмет ақыларына үстемеақы, сыйлықақы және материалдық көмек көрсету; Мекеме құрылымдық бөлімшелерін құру немесе жабу туралы ұсыныстар енгізу. Қамқоршылық кеңес мүшесінің талабы бойынша Мекеменің жұмыскерлері (құрылымдылық бөлімшелері) Қамқоршылық кеңестің құзіретіне қатысты сұрақтар бойынша мәліметтерді беріп тұруға міндетті.

## **7. Мекеме мүлкі**

62. Мекеме мүлкін бағасы оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мекеменің мүлкі мыналардан:

- 1) оған меншік иесі шұғыл басқару құқығында берген мүлік;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де кіріс көздері есебінен құрылады.

63. Мекеме оған бекітілген мүлік пен оған смета құралдары бойынша бөлінген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

64. Мекеменің қызметі жергілікті атқарушы орган бюджетінен және Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған қосымша өзге де кіріс көздерімен қаржыландырылады.

65. Мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

66. Мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизия Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

## **8. Мекемедегі жұмыс тәртібі**

67. Мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

## **9. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

68. Мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар құрылтайшының шешімімен жүзеге асырылады.

69. Мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

### **10. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары**

70. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.